

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 1/129 "Тұрғын үйді ұстау жөніндегі жұмсалған шығынның мөлшерін белгілеу туралы" қаулысына (нормалық құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 2001 жылы 29 тамызда N 386 тіркелген, 2001 жылдың қыркүйегінде "Алматы ақшамы", " Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2004 жылғы 29 маусымдағы N 3/523 қаулысы. Алматы қалалық Әділет Департаментінде 2004 жылғы 02 тамызда N 610 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 11 желтоқсандағы N 5/803 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2009.12.11 N 5/803 қаулысымен.

Қоқысты шығару саласында сапаны арттыру мақсатында Алматы қалалық Әкімшілігі **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Алматы қаласы Әкімшілігінің 2001 жылғы 14 тамыздағы N 1/129 "Тұрғын үйді ұстау жөніндегі жұмсалған шығынның мөлшерін белгілеу туралы" қаулысына (нормалық құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 2001 жылғы 29 тамыздағы N 386 тіркелген, 2001 жылы қыркүйекте "Алматы ақшамы", "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылғы 22 қарашадағы N 5/749 қаулысымен өзгерістер енгізілген (нормалық құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде 2002 жылғы 2 желтоқсандағы N 490 тіркелген, 2002 жылы желтоқсанда "Алматы ақшамы", "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1 тармақтағы "11 теңге 49 тиын" сөзі "11 теңге 38 тиынмен" ауыстырылсын ;

2) N 1 қосымшасындағы аталған қаулыға:
- 3 тармақшадағы 2 баған "Көріктендіру" мына сөзбен толықтырылсын " контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды дәрілеу";
- 3 тармақшадағы 3 баған "0-50" саны "0-55" санымен алмастырылсын;
- 4 тармақша алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Я.И.Заяцқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі
Әкімшілік хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК